

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ӘОЖ: 37:3728;373.1

Қолжазба құқығында

БАЙМУХАНБЕТОВ БАГДАТ МУХТАРОВИЧ

**Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің лидерлік сапасын
қалыптастыру**

6D010200- Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі
мамандығы

Философия докторы (PhD)
ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми жетекші
п.ғ.д, профессор
Әбдіғалбарова Ұ.М.
Шет елдік кеңесші
PhD доктор, профессор
Мехмет Коркмаз

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2014

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	3
АНЫҚТАМАЛАР.....	4
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	7
КІРІСПЕ.....	8
1 БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ЛИДЕРЛІК САПАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....	16
1.1 «Лидер», «лидерлік», «лидерлік сапа» ұғымдарының мәні.....	16
1.2 Мұғалім лидер тұлғасының сипаттамасы.....	24
1.3 Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің лидерлік сапасын қалыптастырудың педагогикалық шарттары.....	55
2 БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ЛИДЕРЛІК САПАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫ МОДЕЛЬДЕУ ЖӘНЕ ОНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ.....	75
2.1 Болашақ бастауыш сынып мұғалдерінің лидерлік сапасын қалыптастыру моделі.....	75
2.2 Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің лидерлік сапасын қалыптастыру әдістемесі.....	92
2.3 Тәжірибелі-эксперименттік жұмыс нәтижелері.....	110
ҚОРЫТЫНДЫ.....	121
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	123
ҚОСЫМШАЛАР.....	135

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер қолданылған:

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050: стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. Астана, 2012 ж.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауы. Астана, 2014.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. 07.12.2010 ж., ҚР Президентінің № 1118 Жарлығы, Астана.

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. - Астана, 2004.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары. –Астана, 18.08.2010 ж., ҚР Білім және ғылым министрінің №454 бұйрығы.

ҚР МЖМБС 6. 08. 012-2009 Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. Кәсіби жоғары білім беру. Бакалавриат. «5В010200 – Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы. – Енгіз. 2009 – 09-01.- Астана: ҚР Білім және ғылым министрлігі, 2009.-37 б.

ҚР МЖМБС 6.08.059-2010 «5В010200 – Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы ҚР МЖМБС. Астана, 2010.

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылған:

Администратор – белгілі бір игіліктерге ие болатын, мекеменің ұжымын басқарып, олардың қызметін бақылайтын тұлға.

Агрессия – адамның басқа адамдарға қатынасындағы, оларға зиян немесе нұқсан келтіруге бағытталған мінез-құлық, әрекет.

Әлеует – қолда бар және белгілі бір мақсаттарға қол жеткізу, қандайда бір тапсырмаларды орындау үшін жұмылдырылуы мүмкін құралдар, көздер, қорлар.

Әрекет – іс-қимыл бірлігі; саналы түрдегі мақсатқа жетуге бағытталған тікелей жасалатын еркін, ниеттік белсенділік.

Бағдар – субъектінің дайын, пейілді болуы; белігі бір объектінің пайда болатынын күн ілгері білген кезінде пайда болады және осы объектіге қатысты іс-әрекеттің орнықты мақсаткерлік сипатта өтуін қамтамасыз етеді.

Білім беру бағдарламасы – білім беру мазмұны мен оқу үдерісін ұйымдастыру ерекшеліктерін сипаттайтын білім беру мекемелерінің нормативтік-басқару құжаттары.

Біліктілік – қызметкердің іс-әрекеттің нақты бір түрінде күрделілігі белгілі бір дәрежедегі еңбек функцияларын орындауға мүмкіндік беретіндей қабілеттерінің даму деңгейі.

Қабілеттілік – белгілі бір өнімді іс-әрекетті табысты орындаудың шарты болатын тұлғаның жеке дара психологиялық ерекшеліктері. Қабылдау тұлғаның жалпы бағыттылығымен, адамның белгілі бір әрекетке бейімділігінің орнықтылығымен тығыз байланысты.

Қасиет – адамның не бір заттың өзіне тән сапалық болмысын, ерекшелігін айқындайтын ұғым.

Қарым-қатынас – біріккен іс-әрекет қажеттілігін туғызатын, адамдар арасындағы байланыстың дамуын орнататын күрделі көп жоспарлы процесс. Адамдардың танымдық хабарлар алмасуы, өзара түсінісуі, бірін-бірі қабылдауы.

Құзыреттілік – құзыреттілік ұғымы білім, біліктілік, дағдының жай жиынтығы емес, оқу нәтижелерімен қатар студенттердің шығармашылық іс-әрекеттері мен құндылық бағдарларының жүйесін де көрсетеді. Құзыреттілік студенттің алған білімі мен дағдыларын тәжірибеде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық мәселелерді шешу үшін қолдана алу қабілеттілігін сипаттайды. Студенттердің құзыреттілігі оқу үдерісінің негізгі сапа көрсеткіші, оның жетістігі қойылған педагогикалық мақсатқа жету болып табылады.

Лидерлік – жеке тұлғалар арасындағы қарым-қатынаста үстемдік ету.

Мемлекеттік жоғары кәсіби білім беру стандарты – жоғары білім беру құрылымын, мазмұнын және жоғары білімнің негізгі бағдарламаларының көлемін анықтайтын құжат.

Мониторинг – қоршаған табиғи орта жағдайының антропогендік факторлардың әсер-ықпалынан өзгеруін болжау мен бағалаудың, бақылаудың кешенді жүйесі. Белгілі бір саладағы маңызды мәселелер бойынша жүйелі және үздіксіз ақпарат жинақтау әрекеті.

Оқу үдерісі – оқытудың арнайы ұйымдастырылған түріндегі жеке тұлғаның жалпы дамуы мен тәрбиесінің, білім беру мақсатын айқындайтын біртұтас педагогикалық үдерістің нақты көрінісі.

Парадигма – ғылымда белгілі бір тарихи кезеңде үстемдік ететін проблемаларды қою және оларды шешу, зерттеу әдістері, бастапқы тұжырымдамалық жоба.

Сапа – күзiретiлiктiң аса жоғары деңгейi ғана емес, сонымен бiрге әлеуметтiк әдепке бағытталған, сапаның талаптарына сәйкес келетiн, эстетикалық құндылықтардан шығатын талпыныс пен қайраттылық.

Стратегия – қандайда бiр қызметтi болашақтағы ұзақ мерзiмге жоспарлау өнерi; ойын барысында жүйелi iске асырылатын спорттық ойындардың жалпы жоспары.

Социометрия – шағын топтағы тұлға аралық қатынастардың ерекшелiктерiн зерттеу әдiсi. Бұл әдiстi әлеуметтiк психолог және психиатр Дж.Морено ұсынды. Социометриядағы негiзгi тәсiл – арнайы сауалнамадағы сұрақтарға жауап бере отырып, топтың әрбiр мүшесi өзiнiң басқаға деген қатынасын бiлдiредi. Нәтижелерi социограммаға (кестеде топ мүшелерiнiң таңдаулары бағдаршамен көрсетiледi) немесе социоматрицаға (топтың әрбiр мүшесiнiң таңдаулары есептелген кесте) енгiзiледi.

Символ – көркем бейне мен ұғымның аралығында екеуiнiң де қызметiн атқара алады. Алайда символ ұғымнан гәрi астарлы мағынаға бай, ал көркем бейнеден гәрi нақтылы мәнге ие. Символдың символикалық формасы сақтала отырып, ишаралайтын нәрсесiмен салыстыра тану барысында көпқырлылығы ашылады, бұл оның ерекшелiгi болып табылады.

Табандылық – адамның алған бетiнен қайтпай, көздеген мақсатына қайткен күнде де жетудi көздеуде көрiнедi. Ол қажымай-талмай әрекет етiп, осы жолда небiр қиыншылыққа төзiп, оларды жеңiп отырады. Мұндай адамның ерiк күшi қиыншылыққа қарсы батыл күрес үстiнде одан сайын нығая түседi.

Топ – iс-әрекеттi бiрге орындау процесiнде бiрлескен адамдар қауымдастығының әлеуметтiк типi. Топтың мөлшерi бойынша: үлкен, кiшi топтар болып бөлiнедi. Топтың даму деңгелерi – қауымдастық, корпорация, ұжым. Топтың түрлерi: ресми, бейресми, нақты, шартты, диффузиялық, референттiк.

Толеранттық – қайсыбiр жағымсыз факторға жауап әрекеттiң болмауы не бәсеңсуi, оның әсерiне сезгiштiктiң төмендеуiнiң нәтижесi.

Тұлғалық сапа – белгiлi қоғамдағы бар болған тәртiп формасының игерiлу нәтижесi.

Ұжым – қоғамға пайдалы ортақ мақсатқа жұмыла еңбек ететiн және психологиялық тұрғыдан топтасқан адамдар тобы. Ұжым адамдардың әлеуметтiк қауымдастығының ең жоғарғы формасы.

Харизма–лидердің мінез-құлық сипаттамалары мен лидерліктің өзіндік сапаларының жиынтығы; жеке даралық тартымдылығы сипатымен жағымды көрінетін лидерлік ықпалдың ерекше формасы.

Шығармашыл тұлға – өзінің әрекеті мен қарым-қатынастары арқылы қоғамдық қатынастардың, қоғамдық мұраттардың, құндылықтардың жеке көрінісі және субъектісі.

Іс-әрекет – адамның ақиқат дүниемен өзара белсенді әрекеттестігінің іс жүзіндегі көрінісі.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР	–	Қазақстан Республикасы
ЖОО	–	Жоғары оқу орны
МЖМБС	–	Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты
ҚазҰПУ	–	Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті
ХҚТУ	–	Халықаралық қазақ-түрік университеті
СӨЖ	–	Студенттердің өзіндік жұмысы
ОБСӨЖ	–	Оқытушы басшылығымен студенттің өзіндік жұмысы
АҚШ	–	Америка құрама штаттары
ТжКБ	–	Техникалық және кәсіптік білім
ШЖБМ	–	Шағын жинақталған мектептер
КТК	–	Көңілді тапқырлар клубы

КІРІСПЕ

Зерттеудің көкейкестілігі. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Қазіргі әлемде жай ғана жаппай сауаттылық жеткіліксіз болып қалғалы қашан. Біздің азаматтарымыз үнемі ең озық жабдықтармен және ең заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын меңгеруге дайын болуға тиіс» делінген [1]. Бұл бүгінгі білім беру жүйесі мазмұнына оқушылар мен студенттердің игерген білімдерінің қоғамды дамытуға тиімді қолдануға бағытталаатындай жаңашылдықты енгізуді талап етеді. Осындай өзгерістерді алдымен болашақ педагогтарды даярлау үдерісіне ендіру қажеттілігіне күмән жоқ.

XXI ғасыр педагогы – рухани дүниесі мен ақыл-өрісі терең дамыған, эстетикалық талғамы мен адамгершілік сапаларды бойына сіңген, көп тарапты әлеуметтік, тарихи білімдермен сусындаған, ақпараттық технологиялармен қаруланған, теориялық білімдері іс-тәжірибеге бағытталған жаңашыл, стратег, бәсекеге қабілетті маман болуы тиіс. Осыған орай болашақ мұғалімдерді, соның ішінде бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда олардың кәсіби-педагогикалық құзыреттіліктерін жетілдірумен қатар көшбасшылық сапаларын қалыптастырудың маңызы зор.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында ұйымдастырушылық қабілеті мен көшбасшылық қасиеті бар студенттер арасынан белсенді жастарды, сондай-ақ әлеуметтік жобаларды іске асыру аясында жастар ұйымдарының жетекшілерін даярлау көзделуі де болашақ маманның лидерлік сапасын қалыптастырудың қажеттілігін арттыра түседі [2].

Лидерлік сапа болашақ мұғалімнің студенттік жылдарында өзін таныту құралы тұрғысынан ғана емес, сонымен бірге өмірдің қатаң күтілмеген қиындықтары жағдайларына жүйелі бірізділікпен әлеуметтік бейімделуі үшін де аса маңызды болып саналады. Оның үстіне лидерлік сапа болашақ мұғалімнің өмірде тез өзгеріп отыратын іс-әрекетті жағдайындағы бәсекелестікке қабілеттілігін дамытуға мүмкіндік туғызады.

Сондай-ақ, қазіргі уақытта қоғамның дамуына кері бағытта ықпал ететін, яғни жастардың көпшілігін әр түрлі теріс бағыттағы топтарға, діни секталарға баулып отырған лидерлердің де бар екендігін жоққа шығаруға болмайды. Сондықтан балалар мен жастар ортасындағы өнегесіздік пен агрессивтілікке қарсы тұра алатын, мектепте іскерлікпен табысқа жете алатын, айналасына адамгершілігі мол, шығармашылық идеялары бар жас ұрпақты шоғырландыра білетін, өзінің іскерлік қабілеттерін дамытуға, ізденімпаздықпен өзін жетілдіруге ұмтыла алатын, дербес шешімдерін белсенділікпен жүйелі іске асыратын мұғалімдерді даярлау қажет. Ал бұл болса, болашақ педагогтардың, соның ішінде бастауыш сынып мұғалімдерінің ізгі бағыттағы лидерлік сапасын қалыптастыруды аса қажет етеді. Өйткені жақсы білімі бар студенттің көп

жағдайда жақсы педагог бола алмауы осы сапаларының қалыптаспау себебінен де болып табылады.

Өкінішке орай, жоғары педагогикалық білім беру саласы болашақ мұғалімінің жеке тұлғасының лидерлік сапаларын қалыптастырып, дамытуға әлі толыққанды бағдарланбаған.

Шетелдерде жоғары оқу орындарындағы болашақ мұғалімдерді даярлау үдерісінде олардың лидерлік сапаларын қалыптастыру мәселесі соңғы жылдары ғана қарастырыла бастады. Ал, Қазақстанда осы мәселе қарастырыла қойған жоқ десек, қателеспейміз. Алайда лидерлік әлеуеті, лидерліктің рөлі, лидерлік стильдері, саяси лидерлер мәселесі зерттелген шетелдік және отандық еңбектер баршылық.

Лидерліктің мәні мен мазмұнын теориялық тұрғыда шетелдік ғалымдар Г.К.Ашин [3], G.W.Fairholm [4], Е.В.Кудряшова [5], Р.Стогдилл [6], Е.Богардус [7], А.Менегетти[8], П.Ф.Друкер [9], Р.Фрейджер [10], Р.Дилтс [11], М.А.Вейт [12], А.Маслоу [13], К.Левин [14], И.К.Адизес [15] және т.б. қарастырған. Ал, ұжым және топтағы лидерлік мәселесі А.А.Бодалев [16], В.В.Авдеев [17], А.С.Макаренко [18] еңбектерінде зерделенсе, басқару мен лидерлік қызметтерінің арақатынасы И.П.Волков [19], Р.Л.Кричевский [20], О.В.Евтихов [21], Б.Д. Парыгин [22] және т.б. зерттеулерінде көрініс тапқан.

Лидерлік мәселесі психология ғылымы тұрғысынан А.А.Бодалев [16], Дж.Кенджеми [23], А.С.Чернышев, Ю.А.Лунев, Ю.Л.Лобков, С.В.Сарычев [24] еңбектерінде зерделенсе, педагогика ғылымы саласында Л.П.Шигапова [25], С.А.Новикова [26], А.В.Зорина [27], Л.А.Ломова [28], А.И.Давлетова [29], А.Б.Голубь [30], Л.В.Тайкова [31] зерттеулерінде қарастырылған. Осы педагогика саласындағы еңбектерде болашақ музыка мұғалімдерінің, болашақ мектепке дейінгі мекеме мамандарының, болашақ менеджерлердің жоғары оқу орындарында, әлеуметтік-тәрбие жағдайларында, өзін-өзі басқару ұйымдары іс-әрекеттерінде лидерлік сапасын қалыптастыру мәселелері терең зерттелген.

Отандық ғалымдар еңбектерінде лидер тұлғасы саясаттану ғылымы тұрғысынан А.М.Рахимжанов [32], Н.А.Абуева [33], В.И.Карасев [34], Б.Аяган, Г.Нурымбетов [35], А.Н.Нысанбаев, Р.К.Кажыржанов [36], А.Самай [37] және т.б. еңбектерінде жан-жақты ашылған. Соның ішінде Елбасының саясаттағы көшбасшылық қасиеттерін М.Б.Касымбеков [38], Е.Е.Ертысбаев [39] терең талдап көрсеткен.

Қазақстанда педагогика ғылымында лидерлік мәселе зерделенген бірден бір еңбек – С.А.Наконечныйдың зерттеуінде болашақ офицерлердің лидерлік сапасын қалыптастыру мәселесі қарастырылған [40].

Бастауыш мектептерде оқытуды жетілдіру мәселелері Ш.А.Амонашвили [41], В.В. Давыдов [42], Л.В.Занков [43], Н.Ф.Талызина [44], В.Ф. Шаталов [45], П.М.Эрдниев [46] және т.б. зерттеулерінде тұжырымдалған.

Қазақстанда бастауыш білім беру мен тәрбиелеу саласындағы бірқатар мәселелер ғылыми тұрғыдан негізделіп, практикаға ендірілген. Атап айтқанда *бастауыш білім берудің әдіснамалық, технологиялық, дидактикалық және әдістемелік аспектілері* (Қ.Аймағамбетова [47], С.Р.Рахметова [48],

Ш.Х.Құрманалина [49], Ж.Т.Қайыңбаев [50], Б.А.Тұрғынбаева [51], Ә.С.Әмірова [52], С.Н.Жиенбаева [53], Қ.А.Сарбасова [54], С.Қ.Абильдина [55] және т.б.), *бастауыш сынып мұғалімдерін дайындау, бастауыш білім беру мен бастауыш сынып мұғалімін даярлаудың тарихы мен дамуы* (Р.К.Бекмағамбетова [56], Қ.Т.Ыбырайымжанов [57], Б.М.Қосанов [58], Ш.Майғаранова [59] және т.б.), *бастауыштағы білім интеграциясы, бастауыш сынып оқушыларының оқу әрекеттері, дүниеге көзқарасы, тәрбиесі* (Ә.М.Мұханбетжанова [60], А.Х.Аренова [61] және т.б.) *бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-педагогикалық құзыреттілігін және технологиялық даярлығын қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздері* (Б.Т.Барсай [62], Г.Т.Абдуллина [63]) мәселелері жан-жақты зерттелген.

Сонымен, жоғарыда аталған зерттеулер педагогика ғылымында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің лидерлік сапасын қалыптастыру мәселесінің зерттелмегендігін дәлелдейді. Демек, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің лидерлік сапасын қалыптастыруға қоғамның сұранысы мен оның зерттелмегені арасында; жоғары оқу орнының білім беру ортасында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің лидерлік сапасын қалыптастыру әлеуетінің кеңдігі мен оны пайдалануға байланысты педагогикалық шарттардың жасалмауы арасында; болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің лидерлік сапасын қалыптастыруды тиімді жүзеге асыру қажеттілігі мен оны іске асыру моделі, әдістемесі жасалмағандығы арасында *қарама-қайшылықтың* бар екені анық байқалады. Осы қарама-қайшылықтың шешімін іздестіру бізге зерттеу проблемамызды анықтауға және тақырыпты **«Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің лидерлік сапасын қалыптастыру»** деп таңдауға себеп болды.

Зерттеудің мақсаты: Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің лидерлік сапасын қалыптастыруды теориялық тұрғыда негіздеу және оның әдістемесін жасау, эксперимент жүзінде тексеру.

Зерттеу объектісі: жоғары оқу орындарындағы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау үдерісі.

Зерттеу пәні: болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің лидерлік сапасын қалыптастыру.

Зерттеудің ғылыми болжамы. *Егер,* болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің лидерлік сапасын қалыптастыру теориялық тұрғыда негізделсе, оны жүзеге асырудың педагогикалық шарттары, моделі және әдістемесі жасалып, жоғары оқу орнының білім беру ортасына бірізділікпен ендірілсе, *онда* болашақ мамандардың, интеллектуалдық біліктері, тұлғалық-гумандық іскерліктері, көшбасшылық қабілеттері артып, қоғамға қызмет етуі белсендіріледі, *нәтижесінде* олардың лидерлік сапасы қалыптасып, бәсекеге қабілеттілігінің даму деңгейі көтеріледі.

Зерттеу міндеттері:

1. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің лидерлік сапасын қалыптастырудың теориялық негіздерін анықтау.

2. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің лидерлік сапасын қалыптастырудың педагогикалық шарттарын айқындау.

3. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің лидерлік сапасын қалыптастырудың моделін жасау.

4. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің лидерлік сапасын қалыптастырудың әдістемесін жасау және оны тәжірибелі-эксперимент жүзінде тексеру.

Зерттеудің жетекші идеясы: жоғары оқу орындарының мүмкіндіктерін тиімді пайдалану негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің лидерлік сапасын қалыптастыру әлемдік білім беру кеңістігіне ену жағдайында кәсіптік, құзырлылық қабілеті дамыған бәсекеге қабілетті маман даярлауға септігін тигізеді.

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері болып диалектикалық білім, тұлға теориясы, таным және іс-әрекет теориясы, жүйелі қатынас принциптері мен әдістері, іс-әрекеттік және тұлғалық-бағдарлық қатынастарының психологиялық тұжырымдамалары, жоғары білім беру жүйесіндегі қағидалар, лидерлік, лидерлік әлеуеті және лидерлік рөлі туралы теориялық тұжырымдар табылады.

Зерттеу көздері: философтардың, әлеуметтанушылардың, саясаттанушылардың, психологтар мен педагогтардың еңбектері; Қазақстан Республикасы Үкіметінің ресми материалдары, Білім және ғылым министрлігінің жоғары білім беру мәселелері туралы нормативті құжаттары мен оқу кешендері (тұжырымдамалар, стандарттар, типтік оқу бағдарламалары және т.б.); шетелдік және отандық педагогтардың ғылыми жетістіктері мен озық тәжірибелері; ғылыми мерзімді басылымдар; автордың педагогикалық және зерттеушілік тәжірибесі.

Зерттеу кезеңдері

Зерттеу жұмысы 3 кезеңге сәйкес жүргізілді.

1 кезең (2011-2012жж.) - қарастырылып отырған проблема бойынша материалдар жиналып, жүйеге келтірілді, ғылыми аппарат айқындалды, жоғары оқу орындарының, мектеп мұғалімдерінің озық тәжірибелері жинақталып, қорытыланды, эксперимент жұмысының бағдарламасы даярланды.

2 кезең (2012-2013жж.) - жоғары оқу орнының білім беру ортасында пайдаланылатын лидерлік сапа материалдары сұрыпталды, мұғалім лидер сапасының құрылымы анықталды. Элективті курс бағдарламасы даярланып, мазмұны айқындалды және лидерлік біліктіліктерге байланысты оқу модульдері, жеке сабақтар әзірленді. Оларды оқу-тәрбие үдерісінде пайдаланудың әдістемесі жасалды, оқудан тыс іс-әрекеттердегі іс-шаралар жоспарланды. Тәжірибелі-эксперимент жұмыстары жүргізілді, аралық кесінділер алынды.

3 кезең (2013-2014 жж.) – тәжірибелік эксперимент барысында алынған қорытынды нәтижелерге талдау және өңдеу жасалып, диссертациялық зерттеу талапқа сай рәсімделді.

Зерттеу әдістері: зерттеу мәселесіне қатысты әдебиеттерді теориялық талдау; жоғары оқу орындарының оқу-әдістемелік құжаттарымен танысу; озық

тәжірибелерді зерделеу; анкеттік сауалнама; әңгімелесу; бақылау; тест; педагогикалық эксперимент; зерттеу нәтижелерін қорытындылау.

Зерттеудің базасы: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы және теориялық мәнділігі:

1. «Лидер», «лидерлік», «лидерлік сапа» ұғымдарының мәні нақтыланды және мұғалім лидер тұлғасына сипаттама берілді.

2. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің лидерлік сапасын қалыптастырудың педагогикалық шарттары айқындалды.

3. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің лидерлік сапасын қалыптастырудың құрылымдық моделі және оның мазмұны жасалды.

4. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің лидерлік сапасын қалыптастыру әдістемелік тұрғыдан негізделді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы:

- зерттеу мәселесі бойынша «Мұғалімнің лидерлік сапасы» (жоғары оқу орнының студенттері үшін) атты элективті курс бағдарламасы дайындалып, тиімділігі іс-тәжірибеде тексерілді;

- зерттеу жұмысының барысында алынған нәтижелер мен олардың негізінде дайындалған нақты ғылыми-әдістемелік ұсыныстарды, зерттеу материалдарын педагогикалық жоғары оқу орындарының, педагогикалық колледждердің, жалпы білім беретін мектептердің тәжірибесінде, педагог мамандардың біліктілігін жетілдіру және қайта даярлау жүйесінде пайдалануға болады.

Қорғауға ұсынылатын қағидалар

1. Зерттеу проблемасын теориялық тұрғыда негіздеу барысында нақтыланған «лидер», «лидерлік», «лидерлік сапа» ұғымдары оның лидерлік іс-әрекетке қажетті көшбасшылық қабілеттердің, интеллектуалдық білімдер мен лидерлік іскерліктердің кіріктірілген тұлғалық сапасын білдіреді және мұғалім лидер тұлғасын анықтауға негіз болады.

2. Мұғалім лидер тұлғасының анықталуы білім беру жүйесіндегі лидердің саяси лидерден ерекшелігін сипаттайды. Мұғалім лидердің атқаратын рөлі тұлғалық-гумандық, кәсіби-дидактикалық, лидерлік сапаларының кіріктірілуі негізінде жүзеге асатындығын көрсетеді.

3. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің лидерлік сапасын қалыптастыру бойынша айқындалған педагогикалық шарттар жоғары оқу орындарында білім беру ортасының (оқу кеңістігі, мотивациялық кеңістік, тәрбие кеңістігі, дамытушылық кеңістік) мүмкіндіктерін тиімді пайдалану қажеттілігін сипаттайды.

4. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің лидерлік сапасын қалыптастырудың құрылымдық моделі тұжырымдамалық-мақсатты, технологиялық, ұйымдастырушылық-әрекеттік және өлшемдік-нәтижелік құрамдас бөліктерінің бірлігін, оған сәйкес өлшемдер мен көрсеткіштерді қарастырады.

5. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің лидерлік сапасын қалыптастырудағы педагогикалық мүмкіндіктерді жасау және теориялық тұрғыда негіздеу; лидерлік туралы білімдермен қаруландыратын элективті курс, оқу модульдерін және лидерлік іскерліктерін қамтамасыздандыратын іс-шараларды жоспарлау, оларды оқу және оқудан тыс іс-әрекеттердің кіріктірілуінде жүзеге асыру студенттердің лидерлік тұрғыдан жан-жақты дамуына тиімді ықпал етеді.

6. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің лидерлік сапасын қалыптастыру мазмұндық-әдістемелік тұрғыда қамтамасыздандырылады.

Зерттеу нәтижелерінің сенімділігі, мақұлдануы, тәжірибеге ендірілуі – зерттеу мақсатына сәйкес кешенді әдіс-тәсілдердің қолданылуымен, білім алушының танымдық іс-әрекетінің қалыптасуына арналған философиялық, саяси-әлеуметтік, психологиялық және педагогикалық еңбектердегі қағидаларды басшылыққа алуымен; тәжірибелі-эксперименттік жұмыстарының нәтижелерін өңдеумен және алынған деректерді талдау қорытындысымен қамтамасыз етілді.

Диссертацияның құрылымы – кіріспеден, екі бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.

Кіріспе бөлімінде зерттеудің көкейкестілігі, ғылыми аппараты: объектісі, пәні, мақсаты, болжамы, міндеттері, жетекші идеясы, әдіснамалық-теориялық негіздері, зерттеу көздері, әдістері, негізгі кезеңдері мен базасы, қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалары, ғылыми жаналығы мен теориялық және практикалық мәні, нәтижелердің дәлелділігі мен негізділігі ашып көрсетіледі.

«Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің лидерлік сапасын қалыптастырудың теориялық негіздері» атты бірінші тарауда зерттеу проблемасының теориялық-әдіснамалық негіздері анықталады, *лидер, лидерлік, лидерлік сапа* ұғымдарының мәні нақтыланады, лидердің ерекшеліктері, атқаратын қызметі мен түрлері жүйеленеді. Соның негізінде мұғалім лидер тұлғасының сипаты анықталады. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің лидерлік сапасын қалыптастырудың педагогикалық шарттары айқындалады.

«Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің лидерлік сапасын қалыптастыруды модельдеу және оны жүзеге асыру» атты екінші тарауда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің лидерлік сапасын қалыптастыру процесінің құрылымдық моделі жасалады, оған сипаттама беріледі, өлшемдері мен деңгейлері анықталады. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің лидерлік сапасын қалыптастыру әдістемесі жасалып, мазмұнды сипатталады. Тәжірибелі-эксперимент жұмысын ұйымдастыру жан-жақты мазмұндалады. Тәжірибелі-эксперимент жұмысының нәтижелері кеңінен баяндалады.

Қорытындыда зерттеудің негізгі қағидалары, нәтижелері тұжырымдалады, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар беріледі.

Зерттеу нәтижесін сынақтан өткізу және ендіру: Зерттеу барысында барлығы 14 ғылыми мақала жарық көрді.

Отандық басылымдарда 8, соның ішінде 3 мақала ғылыми-практикалық конференция материалдарында жарияланды:

1. К вопросу формирования профессиональной компетентности будущих педагогов-тренеров //Журнал «Вестник Академии Педагогических Наук Казахстана» №4 (48) 2012. С 50-58

2. Болашақ мұғалімдердің лидерлік сапасын қалыптастыру әлеуметтік педагогикалық проблема //С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ғылыми журналы «Педагогика» сериясы. № 2, 2013. 42-48б.

3. Тұлғаның лидерлік ерекшеліктері //Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Хабаршысы. Педагогика ғылымдары сериясы - №1 (41), 2014 ж. 99-102 б.

4. “Лидер”, “лидерлік”, “лидерлік сапа” ұғымдарының мәнін теориялық талдау //Қазақстан педагогикалық ғылымдар академиясының Хабаршысы №1, (57) 2014ж. 40-45 б.

5. Қазақстанның педагогика ғылымындағы құзыреттілік мәселесінің зерттелуі жайы //Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы «Педагогика ғылымдары» сериясы. Алматы, №2 (42) 2014ж. 8-13 б.

6. Болашақ педагогтардың ұйымдастырушылық-басқарушылық қабілеттерін қалыптастыру //«Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайындағы ғылыми-педагогикалық әлеуетті дайындаудың өзекті мәселелері» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Алматы, 28 қараша 2012 ж. 169-172 б.

7. Білім беру үдерісіндегі жаңа лидерлік шамалар //Халықаралық ғылыми ғылыми практикалық конференция материалдары. Алматы 2013., 118-123 б.

8. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің лидерлік сапасын қалыптастыру әдістемесі //«Қазақстанның қарқынды даму кезеңінде жаратылыстану-гуманитарлық білім беру және ғылымды жетілдіру мәселелері» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы. Түркістан, 2014. 397-402 б.

Ал, шетелдік басылымдарда 6 мақала жарыққа шықты:

1. Роль игр в развитии творческого мастерства будущих учителей начальных классов //Материалы за VII международна научна практичана конференция, Том 18. Педагогически науки. София «Бял ГРАД-БГ» ООД 2011. С 33-35.

2. To the Problem of Forming Creative Competence of Future Teachers //Creative Education 2013. Vol.4, No.3, 234-240 p. Published Online March 2013in SciRes (<http://www.scirp.org/journal/ce>)

3. The Introduction of Interactive Methods of Training of Forming of The Future Teachers //3rd World Conference On Innovation And Computer Sciences - INSODE-2013. AWERProcedia information Tehnology Comfuter Science. [Onlaine]. 2013, 04, 324-330 p. <http://www.awer-center.org/pitcs>

4. Developing Future Teachers Creative Abilities In Competence – Oriented Educational Process of High School //5th World Conference on Educational Sciences - WCES 2013. Procedia - Social and Behavioral Sciences 116 (2014) 4287 – 4292 p. <http://www.sciencedirect.com>

5. Evaluation Experience of Competence of the Future Specialist //2nd Cyprus International Conference on Educational Research, CY-ICER 2013. *Procedia - Social and Behavioral Sciences* 89 (2013) 932– 938. <http://www.sciencedirect.com>
6. Teacher and Classroom Context Effects on Academic Achievement of Primary School Students // *Life Sci J* 2014;11(1s):233-240 p. (ISSN:1097-8135). <http://www.lifesciencesite.com>. 42